



# Ембі ТЫНЫСЫ

№5 (122)  
МАМЫР  
2024 ЖЫЛ

«ЕМБІМҰНАЙГАЗ» АҚ КОРПОРАТИВТІ ГАЗЕТІ

## БІЗДІҢ МИССИЯМЫЗ:

Біз әлеуметтік және бизнес мүдделердің тепе-теңдігін сақтау арқылы компания жұмысшыларына тұрақтылықты, акционерлерге тиімділікті қамтамасыз ету үшін мұнай мен газды өндіреміз



## МЕЖЕЛІ КЕЗЕҢДЕГІ МАҢЫЗДЫ ҚАДАМДАР

«ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ Басқарма төрағасының міндетін атқарушы Асхат Хасенов ҚМГ-ның Атыраудағы еншілес кәсіпорындарында болды.

Атап айтқанда, ол Атырау мұнай өңдеу зауытының қызметі бойынша жиын өткізіп, мұнда «АМӨЗ» ЖШС Бас директоры Абзал Досжановтың кәсіпорындағы ағымдағы жағдай мен өндіріс жоспарының орындалу барысы туралы есебін тыңдады.

Жиын қорытындысы бойынша А.Хасенов зауыттың сапалы және апатсыз жұмысын қамтамасыз ету, өндірістік бағдарламаны жүзеге асыру және

экологиялық жобаларды уақытылы аяқтау жөнінде тапсырмалар берді.

Сонымен қатар, ҚМГ басшысының м.а. «Ембімұнайгаз» АҚ (ЕМГ) қарасты «Жайықмұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасының базасында компания басшылығымен жиын өткізді. ЕМГ Бас директоры Сәбит Арынов кәсіпорынның ағымдағы жылдың бірінші тоқсанындағы өндірістік-қаржылық қызметінің нәтижелерімен таныстырды, сондай-ақ, компанияның инвестициялық жобаларын іске асыру барысы туралы баяндады.

➡ (Басы. Жалғасы 2-бетте)

### ЕМБІ КЕН АЛАҢДАРЫ ЖАҢА ЖЕДЕЛ ЖӘРДЕМ КӨЛІКТЕРІМЕН ТОЛЫҚТЫ



➡ 2

### ӨНДІРІС АЛАҢЫНДАҒЫ АЛЫП ЖҰМЫСТАР



➡ 4-5

## Құрметті химия өнеркәсібі қызметкерлері, сала ардагерлері!



Сіздерді кәсіби мерекенізбен құттықтаймыз!

Химия өнеркәсібі — мұнай-газ кешеніндегі жетекші салалардың бірі. Жұмыс барысында химиялық әдістерді баса қолдана отырып, мұнай концентраттары мен қосалқы материалдарға, мұнай өнімдері мен қалдықтарына, қышқылдар мен тұздар құрамына күрделі талдау жүргізу қызметтерін сапалы атқарып жүрген сала мамандарының еңбегін аса жоғары бағалаймыз.

Техникалық тұрғыдан сауаттылықты, аса жауапкершілікті талап ететін бұл жұмыс кез келгеннің ырықына көне бермейді. Зертханада абыройлы еңбек ету — тек білімді әрі білікті маманның ғана қолынан келеді.

Төл мерекелеріңізбен құттықтай отырып, мықты денсаулық пен еңбектеріңізге толымды табыстар тілейміз!

## Құрметті қоршаған ортаны қорғау саласындағы қызметкерлер, сала ардагерлері!



Сіздерді кәсіби мерекенізбен құттықтаймыз!

Бүгінгі күні «Ембімұнайгаз» АҚ өзінің басты міндеті мұнай және газды өндіру мен экологиялық ахуалды жақсарту мәселелерін шешуге бағытталған міндеттерді және табиғат ресурстарын ұтымды пайдалануға ерекше көңіл бөлуде.

Мұнайды өндіру саласын экологтарсыз елестету мүмкін емес. Сондықтан, Сіздердің еңбектеріңізді әрқашан жоғары бағалаймыз және әрбір маманды өз ісінің кәсіби шебері деп білеміз.

Сіздердің үйлесімді жұмыстарыңыздың нәтижесінде Компания бойынша табиғатты қорғау саласында едәуір жетістіктерге қол жеткізілді, сондай-ақ, Атырау облысының әкімдігімен келісілген құжатты орындау мақсатында облыс орталығы аумағында күні бүгінге дейін 40 000 жуық жасыл желек отырғызылды.

Бұдан бөлек атмосфераға бөлінетін заттарды басқару жөніндегі шаралармен қоса, шикі газды алау етіп жағуды азайту, су ресурстарын үнемдеу, қайта пайдалану, өндіріс қалдықтарын басқару, сондай-ақ, «Доссормұнайгаз», «Жайықмұнайгаз» және «Жылыоймұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармаларында тарихи мұнаймен ластанған жерлерді рекультивациялау жұмыстары жүзеге асуда.

Алдағы уақытқа жоспарлар көп. Бұл межелерге өздеріңіздің кәсіби біліктіліктеріңіз арқасында жетерімізге сеніміміз мол.

Сіздерді төл мерекелеріңізбен құттықтай отырып, дендеріңізге саулық, отбасыларыңызға амандық, еңбектеріңізге табыс тілейміз!

Ізгі тілекпен, «Ембімұнайгаз» АҚ басшылығы



## ЖҰМЫС САПАРЫ

## МЕЖЕЛІ КЕЗЕҢДЕГІ МАҢЫЗДЫ ҚАДАМДАР



(Жалғасы. Басы 1-бетте)

«Ембімұнайгаз» АҚ-да 2023 жылы мұнай және конденсат өндіру көлемі 2 млн 722 мың тоннаға жетті, жоспар бойынша көрсеткіш 2 млн 706 мың тонна болатын. Осылайша, компания былтыр өндіру жоспарын 16 мың тоннаға асыра орындады. Сондай-ақ, 2022 жылмен салыстырғанда өндіріс көлемі 5,5% өсті.

Сәтті жүзеге асыру ЕМГ-ге өнім өндірудің тұрақты деңгейін сақтауға, сондай-ақ, компанияның өндірістік нысандарын энергиямен қамтамасыз ету сенімділігіне мүмкіндік беретін геологиялық барлау жұмыстарының барысы талқыланды. Геологиялық барлау жұмыстарының нәтижесінде 2023 жылы С.Нұржанов кен орнының Шығыс қанаты мен Солтүстік Уаз кен алаңы игерілді.

Сонымен қатар, жиын барысында компанияның мұнай қорларын тиімді игеруге ықпал ететін өнім өндірудің соңғы сатысындағы кен орындарында жүргізіліп жатқан геологиялық және техникалық іс-шаралар талқыланды.

А. Хасенов іс-сапар барысында сондай-ақ, еншілес кәсіпорындардың өндірістік объектілерді су тасқыны қаупінен қорғау үшін қабылдаған шараларын тексерді.

www.kmg.kz



## ҚМГ ТАҒАЙЫНДАУЛАРЫ

28 мамырда өткен «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Акционерлерінің жылдық жалпы жиналысының қорытындысы бойынша Асхат Ғалымұлы Хасенов ұлттық компанияның Басқарма төрағасы болып тағайындалды.

А.Хасенов сондай-ақ «ҚазМұнайГаз» Директорлар кеңесінің құрамына сайланды.



Құрманғазы Орынғазыұлы ЕСКАЗИЕВ «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» АҚ Басқарма төрағасының бірінші орынбасары болып тағайындалды.

Сонымен бірге ол ҚМГ-дың Ақтау қаласындағы өкілдігін басқарады. «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-да өткен Директорлар Кеңесінің шешіміне сәйкес Қ.Есқазиев Ұлттық компанияның Басқарма мүшесі болып сайланды.

www.kmg.kz

## САЛАУАТТЫЛЫҚ

«Ембімұнайгаз» АҚ-на қарасты кен орындарына 4 жедел жәрдем көлігі алынды. Бұл көліктер оқыс оқиға болған жағдайда дәрігерлік бригаданың шұғыл медициналық көмек көрсетуіне және ауруханаға дейін тасымалдау кезеңінде науқастың жағдайын бақылауға арналған.

## ЕМБІ КЕН АЛАҢДАРЫ ЖАҢА ЖЕДЕЛ ЖӘРДЕМ КӨЛІКТЕРІМЕН ТОЛЫҚТЫ



МГӨБ-ның «Каспий самалы» вахталық қалашығына және Терең-Өзек кен орнына, «Кайнармұнайгаз» МГӨБ-ның Кенбай кенішіне және «Доссормұнайгаз» МГӨБ-ның Солтүстік Жолды-бай кен алаңына жіберілді.

Айта кету керек, бұған дейін алынған осындай үлгідегі медициналық 3 көлік «Кайнармұнайгаз» МГӨБ-на қарасты Б.Жоламанов, «Доссормұнайгаз» МГӨБ-ның Комсомол және Қарсақ кен орындарында қызмет етуде. Сайып келгенде, биылғы жылдың өзінде Ембі кен алаңдары 7 жаңа жедел жәрдем көлігімен толықты.

Заманауи үлгідегі медициналық құрал-жабдықтармен жабдықталған «Соболь» көліктері жол талғамайды. Сонымен қатар, алғашқы реанимациялық іс-шараларды жүргізумен қоса, оттегі баллондарымен, бейнерегистратормен, рация жүйесімен қамтылған.

Жұмысшылардың өмірі мен қауіпсіздігін басты назарда ұстайтын Компания жаңадан келген көліктерді «Жылыоймұнайгаз»

## ЕМГ ТАҒАЙЫНДАУЛАРЫ



«Жайықмұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасы бастығының геология және кен орындарын игеру жөніндегі орынбасары болып Рүстем Мұхаденұлы ӘБШЕЕВ тағайындалды.

«Ембімұнайгаз» АҚ күрделі құрылыс департаментінің директоры болып Феликс Ахмедқалиұлы ИЗЕКЕНОВ тағайындалды.





**С января по апрель 2024 года компании «Эмбаунайгаз» удалось удержать достигнутые нулевые показатели по главным направлениям безопасности и охраны труда: несчастным случаям, пожарам и ДТП. Несмотря на то, что в первом квартале привычный рабочий ритм нефтедобытчиков пришлось экстренно скорректировать из-за угрозы паводка, выстроенная в компании система безопасности не дала сбоев и послужила основой благополучной ситуации в сфере БиОТ.**

Принципы безопасного поведения призывают все производственные процессы и алгоритмы поведения персонала Эмбаунайгаза во вне рабочее время. Итоги по БиОТ за 4 месяца 2024 года, подведенные на 10-м заседании Комитета по производственной безопасности, охране труда и окружающей среды АО «Эмбаунайгаз», подтвердили нулевые показатели по главным критериям: с начала года в компании не зафиксировано случаев угрозы жизни, травм на производстве, а также участия работников в ДТП.

- И это при том, что в апреле коллективу пришлось работать в сложных условиях, противостоять угрозе наводнения, - сказал, открывая заседание Комитета, генеральный директор ЭМГ Сабит Арынов. - В связи с организацией противопаводковых мероприятий нам пришлось скорректировать режим труда. На сотрудников были возложены дополнительные обязанности по укреплению выделенных нам береговых участков. И, к чести коллектива эта работа была проведена с соблюдением всех норм безопасности. Сохранение нулевых показателей - это результат эффективной работы как менеджмента компании, так и личной вовлеченности каждого работника в процесс управления промышленной безопасностью, охраной труда и окружающей среды.

Лидерство персонала подтверждает факт заполнения работниками Эмбы 1489 карт «Корғау» за 4 месяца года. Ведь каждая такая карта - это результат наблюдательности, неравнодушия, ответственного и осмысленного подхода работников к вопросам личной безопасности и безопасности своих коллег.

Заседание Комитета продолжилось выступлениями руководителей производственных структурных подразделений, каждый из которых представил аналитику по определенному направлению ПБОТОС.

Директор департамента оперативного управления производством Малик Жылкышев свою презентацию посвятил вопросу соблюдения правил дорожного движения работниками ЭМГ - как водителями, так и пешеходами. По его словам, в 2023 году в Атырауской области было зафиксировано 344 ДТП, самыми трагичными стали наезд на пешеходов и столкновение с транспортным средством.

В атырауском регионе количество участников дорожного движения растет с каждым днем, поэтому строгое соблюдение правил дорожного движения остается главным фактором предотвращения аварий. Спикер напомнил об основных требованиях для водителей специального и служебного автотранспорта ЭМГ, а также тех, кто имеет личные автомобили.

На актуальность темы обратил дополнительное внимание и Сабит Арынов. Так, в начале мая в ДЗО КМГ - ТОО «Казахойл «Актобе» - произошло сразу два ДТП со смертельным исходом. В одном случае скончался оператор цеха добычи нефти и газа, во втором - водитель подрядной организации ТОО «КазСпектрСтрой». Руководитель сделал акцент, что помимо соблюдения ПДД, водители перед выездом должны проверять исправность автомобиля и отказаться от поездок при наличии технических проблем, чтобы не подвергать опасности себя и своих пассажиров. Также важно учитывать фактор естественной усталости водителей в темное время суток, а потому - свести к минимуму ночные поездки.

Исполняющий обязанности главного технического руководителя по охране труда, промышленной безопасности и охране окружающей среды Ануарбек Каримов предоставил подробный отчет по БиОТ за 4 месяца, из которого наглядно видны как достижения, так

жароопасного периода руководителям производственных структурных подразделений необходимо усилить контроль на вверенных объектах, а также провести все мероприятия по пожарной и электробезопасности.

Руководство флагмана нефтедобычи регулярно подчеркивает, что ни в трудовых правах и обязанностях, ни в ценности здоровья и жизни не делает различий между штатным и

крупных происшествий, имевших место в 2023 году, их глубинных причин, мер по устранению и недопущению в будущем.

А. Каримов обратился к представителям подрядных организаций с четким и недвусмысленным обращением, суть которого проста: безопасность - это приоритет, стоящий выше соображений прибыли. Жизнь и здоровье людей не должны подвергаться риску ни при

## БЕЗОПАСНЫЙ КВАРТАЛ



и точки приложения усилий.

Анализ показывает, что из 81 пункта Дорожной карты по улучшению состояния охраны труда, промышленной безопасности и окружающей среды в группе компаний АО НК «КазМунайГаз» на 2024-2027 годы на ЭМГ распространяются 59 пунктов.

Из них на сегодняшний день выполнен 21 пункт, реализация еще 11 пунктов требует к себе особо пристального внимания. Вместе с тем компании следует обратить внимание на такие триггеры как 1 факт возгорания, 2 инцидента и 15 нарушений скоростного режима за отчетный период года.

В частности, в связи с наступлением по-

привлекаемым персоналом. Поэтому с особым вниманием были заслушаны представители подрядных организаций. Поставщики услуг и работ рассматриваются в ЭМГ полноценными участниками системы безопасности, и к их обязанностям относится зеркально внедрять в своих компаниях все те же процессы управления безопасностью, которые действуют непосредственно в Эмбе.

В целях контроля качества в сфере безопасности в 1 квартале 2024 года со стороны ЭМГ были проведены проверки в 36 подрядных компаниях из 157 осуществляющих деятельность. В ходе них было выявлено 877 нарушений, из которых 810 на сегодня устранены. В целом динамика устранения нарушений улучшилась, но количество нарушений не идет на спад. Поэтому важна ежедневная, кропотливая, системная работа по развитию ответственного отношения сотрудников к вопросам безопасности.

В ходе встречи с подрядными компаниями состоялся также детальный разбор наиболее

каких обстоятельствах, экономия на мерах безопасности на любом участке работы Эмбаунайгаза недопустима и преступна.

- Жесткие требования по соблюдению правил ПБОТОС, первоочередное внимание к охране жизни и здоровья людей во всех подразделениях и у подрядчиков со стороны ЭМГ будут постоянно усиливаться, - подчеркнул он. - Безопасность труда с соблюдением жизненно важных правил - это фундамент и главный критерий для продолжения нашего сотрудничества с подрядчиками. Мы не потерпим никаких попыток ослабить, избежать или скрыть невыполнение наших безоговорочных требований в вопросах безопасности. Стабильное будущее и положительная деловая репутация вашего бизнеса находятся в прямой зависимости от понимания и выполнения вами требований безопасности, - завершил он.





Ембінің жүрегі – өндіріс алаңы. Өндірістің күнделікті тыныс-тіршілігі – тұтас Ембі өңірінің айнасы. Қазақ мұнайының бастауында тұрған, ғасырдан астам мол тарихы бар отандық мұнай кәсіпшілігінің қаһармандары - ембілік мұнайшылардың еңбегі – бүгінгі әңгімеміздің өзегі. Соның ішінде, «Ембімұнайгаз» АҚ-ның қайнап жатқан қазаны, тың жобалардың ортасы - «Жылыоймұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасы (МГӨБ).

«Жылыоймұнайгаз» МГӨБ-ның балансындағы 13 кен алаңының бүгінгі таңда 11-інде өнім өндірілсе, 2-уі консервацияда тұр. Басқарма ұжымының 2023 жылды жақсы көрсеткішпен аяқтағанын ерекше атап өткен жөн. Өткен жылғы мұнай өндіру көрсеткіші 101,8 %-ға орындалып, қосымша 20 231 тн өнім артық игерілді. Бұл табысты еңбек - ұжымдағы ауызбіршіліктің, татулықтың көрінісі. Оны жылыоймұнайгаздық қара алтын өндірушілердің өздері айтып отыр.



**«Жылыоймұнайгаз» МГӨБ бастығы Ербол Наурызбеков** өзінің сөзінде жалпы ұжымның қол жеткізген жетістігіне қысқаша тоқталды.

Мұнайшылардың әлеуметтік жағдайы, әрине, алдымен өндірістік көрсеткіштің тұрақты орындалуында. Бірлескен еңбек орын алған жерде өзге мәселелер де рет-ретімен жүзеге асады. Біз өндіріс жоспарын өзекті санай отырып, қарапайым еңбек адамына әрдайым әлеуметтік қолдау



## ӨНДІРІС АЛАҢЫНДАҒЫ

көрсетуді жіті назарда ұстаймыз. Соның нәтижесі болса керек, біздің басқарма – Ембі өңіріндегі шоқтығы биік алып өндіріс. Біз мұны әркез зор мақтанышпен айтамыз, сол биіктен төмендемеуді мақсат етеміз.

Аталмыш басқармаға қарасты 13 кеніштің арасында ең ірісі – Прорва кен алаңы. 2023 жылды жақсы көрсеткіштермен қорытындылаған прорвалықтар мұнай өндіру жоспарын 103,5%-ға орындауға қол жеткізді.

**Мұхамбет ҚАНАЕВ, Прорва мұнай-газ өндіру цехының бастығы:** С.Нұржанов атындағы кен алаңының ұжымы өткен жылдың жоспарын артығымен орындауға мүмкіндік алып, қосымша 19 891 тн қара алтын игерсе, мұнда барша ұжымның үлесі барын атап өткен жөн. 2024 жылдың алғашқы тоқсанындағы да көрсеткішіміз көңілге қонымды.

**Гүлфайрус ЛҰҚПАНОВА, Прорва мұнай-газ өндіру цехының мұнай-газ**

**өндіру операторы:** Ауысымдық әдіспен еңбек ететін мұнайшылар үшін Прорва кен алаңындағы «Каспий самалы» мұнайшылар қалашығында барлық жағдай толықтай жасалған. Мұндағы 100 орындық 5 жатақханада 14 күн бойы тұрамыз. Бөлмеміз жылы, таза. Ал, жұмыстан кейінгі демалыс үшін қажетті жағдай да назардан тыс қалмаған. Жатақханадағы тренажер залы, бильярд, теннис бөлмесінен бөлек, спорт кешені, караоке, медпункт бар.

Прорва кен алаңындағы ірі өндірістік нысан Ілеспе газды кешенді дайындау қондырғысы 2016 жылы іске қосылған болатын. Жылына 150 млн текше метр газ өңдейтін қондырғы – Ембі өңірінің ірі өндірістік жобасы. Ауқымды жұмыстар да осында.

**Газ дайындау және күкірт алу цехының бастығы Жансерік СӘКЕНОВ:** «Іске қосылғанына 8 жылдай уақыт болған бұл өндірістік нысан алдына қойған жоспарын

тұрақты орындап келеді. 2023 жылдың қорытындысында біздің цехта 143 млн текше метр тауарлы газ өңделіп, тапсырылды. 4 130 тн конденсат өндірілді. 2024 жылдың I тоқсанындағы да нәтижеміз жақсы. Осы межелі кезеңде 41 млн текше метр тауарлы газ бен 2158 тн конденсатқа қол жеткіздік», - дейді ол.

«Өздеріңіз білесіздер, біздің цех – жаңа ұжым. Мұндағы барлық қондырғылар да заманауи жабдықтар, жұмыстың да өзіндік жаңалығы бар. Цехта жас мамандар көптеп тартылған. Солардың бірі – болашағынан мол үміт күттіретін жас маман Әсем Сатыбаева. Ол – компаниядағы «Дуалдық оқыту бағдарламасы» жобасы арқылы жұмысқа қабылданған білімді жас».

**Әсем САТЫБАЕВА, лаборант:** «Мен – цехтағы жас маманның бірімін. Алайда, бұл салада өзіндік жиған білімім бар. Бұған дейін Атырау мұнай өңдеу зауытында еңбек еттім. «Ембімұнайгаз» АҚ жастарға жасаған үлкен мүмкіндігі







Әсем САТЫБАЕВА, лаборант



Гүлфайрус ЛҰҚПАНОВА, Прорва мұнай-газ өндіру цехының мұнай-газ өндіру операторы



Максим ДОЛГОПОЛОВ, Терең-Өзек мұнай-газ өндіру цехының мұнай-газ өндіру операторы

– «Дуалдық оқыту» бағдарламасы арқылы Ембі өндірісінде тәжірибеден өттім. Тестілеуді сәтті тапсырдым. Осы цехқа жұмысымды ауыстырдым. Жұмыс ортам өзіме ұнайды. Ілеспе газды кешенді дайындау зертханасы толықтай жаңа қондырғылармен қамтылған. Мұнда бәрі – жаңа, шетелдік қондырғылар. Күнделікті

жұмысымда тауарлы газға, күкіртке, конденсатқа толықтай сараптама жасаймын», - дейді ол.

Терең-Өзек кенішінде мұнай өндіру көрсеткіші жоспарға сай орындалды (100% құрайды). Ембі өндірінің байырғы кеніштерінің бірі ретінде бұл цех үшін мұнай өндіру мен тапсыру межесін

тұрақты сақтау – үлкен еңбек.

**Терең-Өзек мұнай-газ өндіру цехының бастығы Канат НҰРМАШЕВ:** «Өнім өндірудің соңғы сатысындағы кен алаңы үшін бұған дейін қол жеткізген межені сақтау, оны тұрақты ұстап тұру үлкен маңдай тер төгуді керек етеді. Әрине, ұжымдағы әрбір адамның өзіндік үлесі

бар екенін атап өткенім жөн. Барлығы да – осы салада мол тәжірибе жиған байырғы мұнайшылар. Соңғы кездерде өндірісіміз жас мамандармен де толығып жатыр», - дейді ол өз сөзінде.

**Максим ДОЛГОПОЛОВ, мұнай-газ өндіру операторы:** Менің еңбек жолым Терең-Өзек кен алаңынан басталды. 2018 жылы осы компанияның мамандарды оқыту бағдарламасына ілігіп, оқыдым, өндірістік тәжірибеден өттім. Прорва кенішінде 6 ай зерттеу цехында, 4 ай мұнай өндіру цехында жүріп, үйрендім. 2019 жылы тест сынағын тапсырып, жақсы деген нәтижемен осы цехтың 3 разрядты мұнай-газ өндіру операторы болып жұмысқа қабылдандым. Қазір 4-разрядқа көтерілдім. Жалпы, біздің ұжымда жұмыс істесем, үйренсем, талпынсам деген мамандарға мол мүмкіндік бар. Оның күәсі – мен. Менің отбасыма мұнайшылық кәсіпте еңбек еткен ешкім жоқ. Алғашқы мұнайшы мен боламын. Осы мамандықты таңдағанымға қуанамын, өзіме мәртебе санаймын. Қазақы дәстүр кең орын алған ауылда өстім. Әкем орыс ұлынан, анам – қазақтың қызы. Арғы тегім Ресейдің Санкт-Петербург жерінде. Алайда, мен қазақ жерінде туып-өстім, қазақ мектебінде орта білім, Атырау мұнай-газ университетінде жоғары білім алдым.

Алда үлкен жоспарым бар – ол отбасын құру. Қазақтың қызымен тағдырымды жалғаймын деген ішкі ойым бар» - деп жос-парымен бөлісті Максим бізбен әңгімесінде.

## АЛЫП ЖҰМЫСТАР

### «ЖЫЛЫЙ МҰНАЙ ГАЗ» МГӨБ-НА ҚАРАСТЫ КЕН ОРЫНДАРЫНДА ӨНДІРІСКЕ ЕНГІЗІЛГЕН ТЕХНОЛОГИЯЛАР:

**Шыны талшықты штангалар** – маңыздылығы ең жоғарғы жүктемені азайту, коррозиялық әсердің болмауы, асфальтосмолопарафинді шөгінділерінің әсерін төмендету;

**Ұңғымалық электр жылытқышы** – маңыздылығы сорапты компрессорлық тұрбалардың қабырғаларында парафиннің пайда болуын болдырмайды, ұңғымаларды ыстық мұнаймен өңдеу шығындары төмендейді;

**Көлденең сорғы стансалары** – мұнай ұңғымаларының қабаттық қысымын ұстап тұру және сұйықтықты айдау;

Терең-Өзек кен орнында ашық алаңда тұрған өлшеу қондырғылары автоматтандырылған топтық өлшеу қондырғыларына алмастырылды;





## 5-МАУСЫМ – ЭКОЛОГ КҮНІ



## ЖАУАПКЕРШІЛІГІ МОЛ САЛА

Адам баласының өмір жолындағы маңызды таңдауының бірі білікті маман атану екені белгілі. Себебі, мамандықты жақсы көру арқылы ғана мақсат биігіне, еңбек нәтижесіне жетуге болады. Әріптесіміз, «Доссормұнайгаз» МГӨБ қоршаған ортаны қорғау бөлімінің бастығы Талғат МАНҒЫБАЕВ таңдаған мамандығының басқа саладан өзгеше екенін айтады.

- «Embi munaygaz» АҚ-да өндірістік қауіпсіздікті қалыптастыру, еңбекті қорғау және өрт қауіпсіздігін болдырмау – негізгі бағыттардың бірі. «Жасыл» бастамалар мен шығарындыларды азайту технологиялары іске асып, бірқатар жобалар қолға алында, - дейді Талғат Өтеуұлы.

Атырау политехникалық институтын «Инженер, химик-технолог» мамандығы бойынша бітіргеннен кейін әртүрлі қызмет салаларында жұмыс істеді. Мұнай саласында 22 жыл жұмыс еңбек етуде. Соның ішінде, Embi өндірісінде 15 жылдан астам қызмет атқарып келеді.

«Доссормұнайгаз» басқармасы бойынша қоршаған ортаны қорғау бағытында кешенді жұмыстар қолға алында.

- Біздің бөлім қызметкерлері қоршаған орта сапасын жақсарту, экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, табиғи ресурстарды сақтау мақсатындағы жұмыстарды жүргізіп келеді. Айталық осы бағытта су көздеріне, атмосфералық ауаға, өнеркәсіптік шығарындыларға, топыраққа және радиациялық қауіпсіздікке бақылауларды жыл сайын жүргізіп отырамыз.

Сонымен қатар, рұқсат етілген төгінділер нормативтерінің жобасын, ластанған жерлерді қалпына келтіру жобасы мен сметасын әзірлеу, кәріздік септиктерге арналған, қоршауы бар мониторингтік ұңғымаларды салу, кәріз қақпасы бар сағалық алаңдарды салу, өндіріс қалдықтарын кәдеге жарату, атмосфераға ластанушы заттардың жол берілетін шығарындылары нормативтерінің жобасын әзірлеу жөніндегі қызметтер тұрақты жасалып жатыр, - дейді Т.Маңғыбаев.

Айта кетейік, басқарма бойынша 3 кен орны мемлекетке тапсырылды. Осы бағыттағы кен орындарын рекультивациялау (барлық түсіру желілері, резервуарлар, мұнай тербелістері және т.б.) бойынша жұмыстарды Талғат Өтеуұлы бастаған ұжым толыққанды сапалы атқарды. Сондай-ақ, 90 га тарихи ластанған жер тазартылып, қалпына келтірілді. «Жасыл белдеу» бағдарламасы аясында өлкені көгалдандыру мақсатында басқарма ұжымы аймаққа 2700 жасыл желек отырғызды. Міне, мұның барлығына – басқарманың қоршаған ортаны қорғау бөлімінің жұмысты жүйелі жүргізгендігінің нәтижесінде қол жеткізілгені сөзсіз.

- Эколог – адамдардың қоршаған ортаға тигізетін зиянды әсерін азайту шараларын бақылайтын және ұйымдастыратын маман. Сондықтан, бұл мамандық қай уақытта да маңызын жоғалтпайтыны белгілі. Әрі бүгінде қоршаған ортаны жақсарту мәселесі өзекті болып табылады. Ал, өндірісте қоршаған ортаны қорғау мәселесі сала мамандарына үлкен жауапкершілікті жүктейтіні белгілі. Сондықтан, экологтарға деген сұраныс әрдайым жоғары деп айта аламын. Ал, болашақта эколог мамандығы әлемдегі ең қажетті мамандыққа айналатыны сөзсіз. Қоршаған ортаны қорғау ісіне үлес қосып жүрген әріптестерімді кәсіби мерекелен құттықтаймын!, - дейді Талғат Маңғыбаев.



## ПРОИЗВОДСТВО

## СИЛЬНЫЕ ПОДРАЗДЕЛЕНИЯ – СИЛЬНАЯ КОМПАНИЯ

Нефтегазодобывающее управление «Кайнармунайгаз» - одно из структурных производственных подразделений АО «Эмбаунайгаз». Стоит ли говорить, что в основе выполнения всех плановых показателей компании в целом лежит успех производственно-финансовой деятельности ее «дочек»? Минувший 2023 год стал одним из самых успешных за всю историю существования Кайнармунайгаза.



### ФОНТАНИРУЮЩИЕ РЕЗУЛЬТАТЫ

В прошлом году за счет успешного выполнения геолого-технических мероприятий НГДУ было дополнительно добыто 57 689 тонн нефти, что является рекордным показателем, выше которого добыто нефти было только в 2003 году.

Начиная с 2019 года, НГДУ «Кайнармунайгаз» были введены в эксплуатацию 29 горизонтальных скважин, 14 из которых – в 2023 году. И все введенные в 2023 году скважины оказались успешными! В прошлом году за счет ввода новых скважин НГДУ дополнительно получило 37 521 тонну нефти, что тоже является рекордным результатом – последний раз отметка выше этого показателя была достигнута только в 2005 году.

### НЕ ОСТАНАВЛИВАТЬСЯ НА ПОЛУЧЕННОМ

Несмотря на продуктивную работу на уже разведанных и эксплуатируемых скважинах, НГДУ «Кайнармунайгаз» продолжает осваивать новые участки в целях наращивания нефтедобычи. Из достижений важно отметить результаты бурения горизонтальных скважин на меловые горизонты месторождения В. Молдабек. Средний дебит по нефти горизонтальных скважин, пробуренных на меловые горизонты с высоковязкой нефтью, в среднем составляет 13 тонн в сутки, что в 11 раз выше среднего дебита вертикальных скважин, работающих на данном горизонте. А пробуренная в 2023 году на горизонте М-1 скважина №2768 в среднем добывает 23 тонн нефти в сутки, что выше среднего дебита вертикальных скважин, работающих на данном горизонте в 29 раз!

### БОЛЬШЕ НЕФТИ – ХОРОШЕЙ И... ВЯЗКОЙ

Согласно программе технологических вызовов НГДУ «Кайнармунайгаз», в декабре 2023 года был начат проект опытно-промышленного внедрения

технологии закачки горячей воды на горизонте М-1 месторождения В. Молдабек. Проект в первую очередь нацелен на вовлечение в разработку высоковязких нефтей меловых горизонтов. Аналогов применения этой технологии на сегодняшний день нет ни в одном другом дочернем подразделении АО НК «КазМунайГаз».

Также в НГДУ внедрена

производство без увеличения рисков для персонала и окружающей среды, поэтому, во избежание ущерба, производственные рекорды в НГДУ «Кайнармунайгаз» сопровождаются автоматизацией и непрерывным улучшением бизнес-процессов.

Существенную помощь в этом направлении компании оказывает программный продукт «Абай»,



технология одновременно-раздельной эксплуатации скважин на месторождении Уз Восточный, что позволило, помимо юрских горизонтов, вовлечь в разработку меловые горизонты месторождения. За счет этого в 2023 году сверх плана было добыто 1425 тонн нефти, а в текущем году планируется внедрить эту технологию еще на четырех скважинах месторождения Уз.

### «ПК АБАЙ» -

### ЭТО ВСЕГДА ПРОГРЕСС

Нефтегазовая отрасль находится сегодня на пике внедрения передовых технологий на всех направлениях деятельности. Невозможно рекордно наращивать

интенсивное внедрение которого позволяет, в первую очередь, сократить время на заполнение геолого-промысловых данных и автоматизировать составление ежедневных и ежемесячных отчетов.

Коллектив НГДУ «Кайнармунайгаз» отдает себе отчет в том, что его достижения обусловлены поддержкой, профессиональной совместной работой и высокой вовлеченностью в деятельность всех структурных подразделений руководства и департаментов АО «Эмбаунайгаз». По этой причине работники Кайнармунайгаза свои свершения считают слагаемым общего успеха ЭМГ и готовы и дальше оставаться сильными.



## ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІ ДАМУ

«Ембімұнайгаз» АҚ-да компанияның белсенді, болашағынан зор үміт күттіретін 28 жас маманы кәсіби және тұлғалық өсуге ықпал ететін дағдылар мен қасиеттерді шыңдау мақсатындағы «Серпін» жобасын бастады. Аталған бағдарлама аясындағы модульдік оқыту биыл екінші жыл қатарынан жүзеге асып отыр.

Өткен жылы да 28 жас қызметкер осы бағдарламадан өтіп, 3 модульден құралған жоба өз тиімділігі мен маңыздылығын көрсетті.

ЕМГ Бас директоры Сәбит АРЫНОВ алғашқы модульдің қорытынды бөліміне қатысып, жобаға қатысушы ембілік жас мамандарға сәттілік тіледі.

- Бұл жоба – Ембімұнайгаздың даму стратегиясында көзделгендей, мекеме басшылығы, соның ішінде, HR қызметінің компанияның басты және құнды ресурсы саналатын қызметкерлердің кәсіби дамуы мен өсуіне деген оң көзқарасы болып табылады. «Серпін» біржақты жоба емес. Аталған жоба белсенділікті талап етеді. Яғни, әрбір қатысушы тек лекцияларды тыңдап қана қоймай, оны қабылдап, ойлау, саралау, талдау, шығармашылық қабілеттерін қосу арқылы өзінің бойындағы көшбасшылық, белсенділік және

# SERPİN ЖАСТАРҒА ЖАҢА СЕРПІН БЕРМЕК



ұйымдастырушылық қасиеттерін көрсете алады, - деді Компанияның Бас директорының кадр және әлеуметтік мәселелер жөніндегі орынбасары Қайрат ӘБЕНОВ.

Биылғы бағдарлама 5 модульден тұрады. Жас мамандар жобадан жинайтын тәжірибе жұмыспен қатар, өмірлерінде де аса қажет болатынына сенімді.

Атырау қаласынан бастау алған жобаның алғашқы кезеңінде қатысушылар «Жеке тиімділік. Көпшілік алдында

сөйлеу» тренингіне қатысты. Тренер Алуа АХМЕТ жүргізген тренинг басшылық құрамның және команданың мықты мүшесі үшін табысты және тиімді жұмыс істеу үшін жеке тиімділік дағдыларын дамытуға бағытталды.

Айта кетейік, кейінгі модульдер Алматы (Эмоциялық интеллект. Тиімді коммуникациялар), Ақтау (Жобаларды басқару), Астана (Жобаны бюджеттеу. Өзіндік тиімділікті арттыру кәсіби жетістікке жету жолдары) қалаларында өтіп,

қорытынды тренинг Атырау қаласында (Стратегиялық ойлау) ұйымдастырылады. Бұл үшін арнайы білікті тренерлер шақыртылды.

Жобаға қатысушы ембілік жас мамандарды алда көптеген қызықты даму сағаттары күтіп тұр. Олардан тек жоба тақырыптарына толық еніп, жан-жақты ашылып, белсенділік талап етіледі.

Бүгінгі таңда әрбір адам өзінің негізгі мамандығы бойынша білімімен қатар тиімді коммуникативті дағдыларға, ақпаратпен жұмыс істей білуге, кез келген жағдайға тез бейімделуге, өз эмоцияларын басқаруға, өзгелермен конструктивті қарым-қатынас орнатуға қабілетті болуы керек. «Серпін» жобасының мақсаты да осыны көздейді.



## МҰНАЙШЫ ҚЫЗ

# ТӘЖІРИБЕ АЛМАСУ КӨКЖИЕКТІ КЕҢЕЙТЕДІ

Былыр өзінің 5 жылдығын атап өткен «Мұнайшы қыз» клубының жетекшілері Әзірбайжан Республикасының SOCAR мұнай-газ компаниясында іс-сапармен болды. Екіжақты кездесудің мақсаты - әріптестік байланыс орнату арқылы кәсіби бағыттағы нетворкингті дамыту.

«Ембімұнайгаз» АҚ Бас директорының экономика және қаржы жөніндегі орынбасары, «Мұнайшы қыз» клубының төрайымы Рысты Тасмағамбетова бастаған ембілік делегацияны SOCAR мұнай-газ компаниясының басшылығы өте жылы қабылдады.

SOCAR мұнай-газ компаниясының вице-президенті - талант және бизнес серіктестік департаментінің басшысы Айтан Фарзалиева, қаржы бойынша вице-президенттің кеңесшісі Фуад Ахметов, бұқаралық ақпарат, жұртшылықпен байланыс және коммуникация департаментінің жетекшісі Илаха Новрузова, мұнай кен алаңдарын барлау және игеру департаментінің жетекшісі Эльчин Багиров, корпоративтік коммуникация бөлімінің жетекшісі Ругия Мусаева, талант және бизнес серіктестік департаментінің жетекші мамандары Ситара Велиева мен Наргиз Гусейн бастаған топ екіжақты кездесу барысында өздерінің компаниялары туралы толығырақ, бүгінгі таңда басымдыққа ие негізгі бағыттар бойынша жан-жақты баяндап өтті. Әр қызметкер өздері жетекшілік ететін саланың жетістіктері мен жаңалықтары жөнінде презентацияларын жасап, ембіліктер тарапынан болған сауалдарға тұшымды жауаптарын да берді.

1992 жылдың 13 қыркүйегінде құрылған SOCAR компаниясы – Әзірбайжан Республикасындағы көш бастаған отандық кәсіпорын. Республика территориясында



геологиялық жұмыстарды жүргізу, мұнай-газ кен алаңдарын барлау, игеру мен өнім өндіру, өңдеу, сатумен айналысып отырған әзірбайжандық мұнай компаниясы өнімін ішкі және сыртқы нарыққа шығарумен қатар ілеспе газды өндіріс пен мемлекет тұрғындарының сұранысына орай қадеге де жаратып келеді.

Жылына 7 млн тонна мұнай өндіретін SOCAR компаниясында 47 кен орны бар. Оның 28-і игерілуде (13 - теңізде, 15 - құрлықта). Бұған қосымша, өзге компаниялармен бірлесе отырып Каспий теңізінде тағы да 27 кен орнын игеруде.

Кездесу барысында ембіліктер көрші елдегі әріптестерінің кадр саясаты мен қоғаммен байланыс саласындағы жетістіктеріне, сонымен қатар, қарапайым еңбек адамына жасалған мүмкіндіктер мен жеңілдіктерге аса жоғары қызығушылық танытты. Осыған орай, SOCAR-лықтар Кәсіподақ ұйымының

жұмыстарымен де жан-жақты баяндап өтті. Әлеуметтік жобаларға кеңірек тоқталды.

Әзірбайжандық әріптестерге жылына бір рет берілетін жолдама құнының 50% Компания есебінен төленеді. Жолдама жұмысшының барлық отбасы мүшелеріне тиесілі. Айта кету керек, кәсіподақ ұйымы мүшелерінің жалақыларының 2% жарна ретінде ұсталады (біздің компанияда бұл көрсеткіш 1%). SOCAR мұнай-газ компаниясында еңбек ететін 50 мыңға жуық адамның барлығы да - кәсіподақ ұйымының мүшелері.

Қарапайым еңбек адамының әлеуметтік жағдайына, денсаулығына басымдық беретін SOCAR-лықтар бұл өзекті мәселені шешу жолында тиімді қадамдарға да барып отыр. Компанияның бас кеңсесінде спорт залы жұмыс істейді. Корпоративтік кітапхана да баршаға қолжетімді. Кітапханадағы барлық кітаптар электрондық форматқа көшірілген. Жұмысшының жұмыстан кейін

аудио арқылы кітаппен танысуларына мүмкіндік орнатылған. Ембіліктердің ерекше қызығушылығына ие болған бастаманың бірі- әзірбайжандық әріптестер «Психологиялық қолдау» атты жобаны іске қосқан. Кәсіби маман-психологтардың жұмысшылармен құпиялылықты сақтай отырып, кеңес сағаттарын ұйымдастыру үшін арнайы кабинеттер жабдықталған. Онда керекті жабдықтардың бәрі де бар.


«Ембімұнайгаз» АҚ-на қарасты «Мұнайшы қыз» клубының жетекшілері Баку қаласындағы іс-сапар барысында елдің тарихи мұражайында, елдің алғашқы президенті Г.Алиевтің мұражайында және қоғам қайраткері, мұнай саласының миллионер - меценаты Гаджи Зейналабдин Тагиевтің пәтер-мұражайында болып, елдің дамуы барысындағы құнды тарихи деректермен танысты.



## ЖЕТІ АТАҢДЫ БІЛЕСІҢ БЕ?

Жеті ата – қазақ халқының ежелден келе жатқан шежірелік жүйесі

SPUTNIK



## ЖЕТІ ҰРПАҚ:



Қазақ жеті атаға дейін қан араластырмайды

Жеті атаға толмай қыз алыспау – ата-бабамыздан бері келе жатқан қазақтың тәрбиелік дәстүрі

Әрбір қазақ жеті атасын жетік білуі міндетті, бұл отбасылық тәлім-тәрбиенің негізі

Редактор: Айымгүл Әбіл  
Дизайнер: Айман Серсенбаева  
Директор: Шыңғис Әбдіқалиев

## Жеті атаны білу – тектілік

Жеті ата – қазақ халқының ежелден келе жатқан шежірелік жүйесі. Қазақ неге жеті ата ұғымына қатты мән берді? Жеті деген сан қазақ үшін өте қасиетті. Қазақ жеті атадан асқанша қыз алыспаған. Бұл дегеніңіз, қан тазалығы ғана емес, ұлт тазалағы екені сөзсіз.

Сондықтан, қазақ халқы ұрпағына кішкентай кезінен жеті атасын жаңылмай атауды үйреткен. Көрген адам «жеті атаң кім?» деп сұраған. Жеті атасын білмеуді ұят, ар-намыс деп санаған.

Атап өту керек, жеті атаға дейін бір-бірімен үйленуге рұқсат етпейтін қазақтан басқа жер бетінде бірде-бір ел жоқ. Міне, қазақ халқының даналығы тудырған қуатты генетикалық

тұруға тыйым салған. Ал, Тәуке ханның «Жеті жарғы» заңдарының жинағында болашақ жұбайлардың жеті атаға дейін туыстық қатынаста болмауы талап етілген.

Кезінде жеті атаға жетпей қосылғандарға теріс бата берген, тас атқан, елден аластатқан. Тіпті жерге жатқызып қойып, үстінен мал айдаған. Жылқының құйрығына байлап, сүйреген.

Атамыз қазақ «Жеті атасын

есі толық, одан қалды атаның ақылын, ананың өсиетін тұла бойына сіңірген, туған топырағының қадір-қасиетін білетін, елшіл тұлға болып ер жетеді.

Ақыл-есі дамуында кәнірат бар немесе физикалық тұрғыдан жетілмеген әлжуаз сәбилердің дүниеге келіп жатқанына дәрігерлер экологиялық әсерден болуы ықтимал деп пайым айтуда. Бұл жеті ата дәстүрінің

## ШЕЖІРЕ БАСТАУЫ

Бұл мәселе жайында бізге белгілі өлкетанушы Өтепберген ӘЛІМГЕРЕЙҰЛЫ былай дейді:

«Қазақ халқы ежелден аталық ерекшеліктері ескере келіп, әсіресе, жеті атаға аса назар аударған. Оны ежелден келе жатқан мына бір аңыздан да байқауға болар еді. Қазақ хандығының алғашқы шаңырағын көтерген заманында (Керей-Жәнібек) Жәнібек қатты ауырып, оған еш дауа таба алмайды. Осы кезде бас уәзір Жиренше көмекке келіп, белгілі емші Өтебойдақ Тілеуқабылұлын шақырады. Ол аз уақытта ханды дертінен айықтырады. Риза болған Жәнібек: «Аурудың дауасы не?» деп сұрайды. Сонда емші: «Халқымызда тұқым разылығы деген бар. Мұндағы ең басты тазалық – ағайын адамдар жеті атаға дейін бір-бірінен қыз алмауы керек. Қан тазалығы – жан тазалығы. Оны еш уақытта естен шығармау керек» деп оның мәнін түсіндіреді. Шындығында бұған дейін төре тұқымы өз тұқымынан басқаға үйленбеуші еді.

Мұны жақсы түсінген Жәнібек өзі билеген хандықта «Кімде-кім жеті атаға дейінгі ағайыннан қыз алса, онда олар өлім жазасына кесіледі» деп жарлық шығарады. Содан бері

бұл пәтуа елде, жалпы қазақ жұртында қатаң сақталып келеді.

Аталған пәтуа Есім хан жарлығында да бар. Ал, қыз алыспаудың мәні қаны жақын адамдардың, яғни, бір атадан тараған немесе жеті буынға жетпеген туыстардың балалары үйленсе, олардың ақыл-есі кем, аурушан, мүгедек, өмір жасы қысқа болады деген биологиялық тоқтам бар және ол әрдайым дәлелденіп келеді.

Қазақ ұғымында жігіттік жасқа жеткен ұлға жиендеріне де үйленуге болмайды. Олардан да болашақта сақау, мылқау ұрпақ туады.

Жеті атаға дейін қыз алыспау қағидасы қазақтардан өзге халықтарда жоқ және бұл ұстанымның дұрыстығы ғылымда да дәлелденген. Ғалымдардың дәлелдеуінше, қазақ халқының қаны әлемдегі ең таза және жас қан болып есептеледі. Сондықтан да, олардың сана-сезімі, ойлау қабілеті, бітім-болмысы өте жақсы болып келеді.

Ал, жеті ата дегеніміздің өзі – баланың өзінен бастағанда жеті буын ұрпақ. Жеті буыннан соң он үшінші ата, одан әрі жиырма бірінші ата деп ескереді. Бірақ, олар қыз алыспайды деген әңгіме жоқ. Ең бастысы, жеті атаға дейін қыз алуға болмайды деген қағида міндетті.

тамыр қайда жатыр?! Бұл дәстүр біздің гендік қорымыздың мол әрі мықты болуына әсер етеді. Сондықтан, оны көзіміздің қарашығындай сақтауымыз қажет. Осы күндері әлемнің генетик ғалымдарын таңғалдырып отырғаны – қазақтың ұлттық генетикаға байланысты тарихи ұғымы.

«Есім ханның ескі жолында» жетінші буынға дейін некеге

білмеген жетесіз» деп бекер айтпаған. Сол сияқты «Жеті атасын білген ер – жеті жұрттың қамын жер» деген сөз де бар. Жеті атаның мәні тегін ұмытпауда ғана емес. Қазақ халқы тектік қорын сақтау, ұрпақ саулығы, қан тазалығы үшін жеті атаға толмай қыз алыспаған. Жеті атасын біліп, қан жақындаспай туған ер – генетикалық тұрғыдан ақыл-

бұзылуынан болуы да әбден мүмкін. Өйткені, кейінгі рулық, аталық, туыстық құндылық маңызын жоғалтып, жеті атасын білмейтін жандар жиі кездеседі. Бұған қоса, жетімдер үйінде өскен балалардың да жеті атасын білуі екіталай. Жетімдер үйінде тәрбиеленген қыз ертен өз ағайынына келін болып түспесіне кім кепіл?! Ойландыратын жағдай!

«Ембімұнайгаз» АҚ-ның әлеуметтік желілердегі парақшаларына тіркеліңіздер!

Telegram - «Ембімұнайгаз» АҚ  
Facebook - Ембілік Мұнайшы  
Instagram - @embamunaigas.kz  
You tube – «Ембімұнайгаз» АҚ

«Ембі тынысы» газетін осы QR код арқылы да оқи аласыздар.



Меншік иесі: «Ембімұнайгаз» АҚ

Шығарушы:  
Қоғаммен байланыс тобы

Бас редактор: А.Ертлеуова

Газет ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат комитетінен мемлекеттік тіркеуден өтіп, 2024 жылғы 18 қаңтарда № KZ69VPY00085699 куәлігі берілді.

Газет айына 1 рет шығады.  
Таралымы – 3500 дана.

Редакцияның мекен-жайы: Атырау қ. Ш. Уәлиханов көш., 1.

Хат-материалдарды төмендегі мекен-жайға жолдай аласыздар:

Ғ.Қаражанова – 8 (7122) 99-34-21; 21-121.  
G.Karajanova@emg.kmgerp.kz

И.Сатылғанова – 8 (7122) 99-34-66, 21-166  
I.Satylganova@emg.kmgerp.kz

А.Ертлеуова – 8 (7122) 99-32-09, 21-309  
A.Ertleuova@emg.kmgerp.kz

Баспахана: «Реформа» ЖШС

Мекен-жайы: Алматы қаласы

РЕДАКЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС:

Р.Тасмағамбетова – Бас директордың экономика және қаржы жөніндегі орынбасары;

Қ.Әбенев – Бас директордың кадр және әлеуметтік мәселелер жөніндегі орынбасары;

А.Кенжехорұлы – Аппарат жетекшісі;

Ә.Каримов – Еңбекті қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау жөніндегі бас техникалық басшының м.а;

Қ.Түлеушов – Мұнай және газ өндіру департаментінің директоры;

Ғ.Қаражанова – Қоғаммен байланыс тобының жетекшісі;

Ж.Дәуітов – «Жас мамандар» кеңесінің төрағасы.